ВНИМАНИЕ! Не погружайте корпус прибора и шнур электропитания в воду или другие жидкости. Хлебопечь и ее детали непригодны для мытья и очистки в посудомоечной машине.

Запрещается использовать при очистке хлебопечи и ее деталей абразивные моющие средства и зубки жестким или абразивным покрытием, а также химически агрессивные вещества.

Для удобства очистки крышка прибора может сниматься.

- Чтобы снять крышку, откройте ее под углом 80–85° и осторожно, не прилагая усилий, потяните на себя, извлекая петли крышки из пазов на корпусе прибора.
- Очистите и просушите крышку.
- Установите ее в прежнее положение: аккуратно вставьте плоские петли в пазы на корпусе, держа крышку под углом 80–85°. Крышка должна открываться и закрываться без усилий.

i

Перед повторным использованием хлебопечи или перед тем как убрать ее на хранение убедитесь, что все детали сухие.

Хранение и транспортировка

Перед хранением и повторной эксплуатацией очистите и полностью просушите все части прибора. Храните прибор в сухом вентилируемом месте вдали от нагревательных приборов и попадания прямых солнечных лучей.

При транспортировке и хранении запрещается подвергать прибор механическим воздействиям, которые могут привести к повреждению прибора и/или нарушению целостности упаковки.

Необходимо беречь упаковку прибора от попадания воды и других жидкостей.

V. ПЕРЕД ОБРАЩЕНИЕМ В СЕРВИС-ЦЕНТР

Возможная неисправность	Причина	Необходимые действия
Прибор не включается	Отсутствует электропитание	Подключите прибор к исправной электросети. Проверьте напряжение в электросети

Возможная неисправность	Причина	Необходимые действия
Прибор включился, но замеса не происходит	Вы не установили лопасть для замешивания теста	Очистите форму для выпечки, установите лопасть на дно формы и начните процесс заново
На дисплее появилось сообщение об ошибке (буквенный или буквенно-цифровой код)	Нарушение в работе хлебопечи	Выключите прибор кнопкой «I/O» и подождите, пока он остынет до комнатной температуры. Включите хлебопечь. Если сообщение об ошибке появилось повторно, обратитесь в авторизованный сервис-центр

i В случае если неисправность устранить не удалось, обратитесь в авторизованный сервисный центр.



Запчасти для постгарантийного ремонта можно найти на сайте <https://redmondsale.com>

VI. ГАРАНТИЙНЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА



* Стандартная гарантия 1 год. Дополнительный год гарантийного обслуживания предоставляется после регистрации прибора на сайте <https://warranty.redmond.company/>

В течение гарантийного периода изготовитель обязуется устранить путем ремонта, замены деталей или замены всего изделия любые заводские дефекты. Гарантия вступает в силу только в том случае, если дата покупки подтверждена печатью магазина и подписью продавца на оригинальном гарантийном талоне. Настоящая гарантия признается лишь в том случае, если изделие применялось в соответствии с руководством по эксплуатации, не ремонтировалось, не разбиралось и не было повреждено в результате неправильного обращения с ним, а также сохранена полная комплектность изделия. Данная гарантия не распространяется на естественный износ изделия и расходные материалы (антипригарные покрытия и т. д.).

Срок службы изделия и срок действия гарантийных обязательств на него исчисляются со дня продажи или с даты изготовления изделия (в случае, если дату продажи определить невозможно).

Дату изготовления прибора можно найти в серийном номере, расположенном на идентификационной наклейке на корпусе изделия. Серийный номер состоит из 13 знаков. 4-й и 5-й знаки обозначают месяц, 6-й и 7-й – год выпуска устройства.


0	0	0	1	1	2	2	3	3	3	3	3	3
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

1 – месяц производства (01 – январь, 02 – февраль ... 12 – декабрь)
 2 – год производства (21 – 2021 г., 22 – 2022 г. ... 30 – 2030 г.)
 3 – серийный номер модели

Установленный производителем срок службы прибора составляет 5 лет со дня его приобретения при условии, что эксплуатация изделия производится в соответствии с данным руководством и применимыми техническими стандартами.




Упаковку, руководство пользователя, а также сам прибор необходимо утилизировать в соответствии с местной программой по переработке отходов. После окончания срока службы не выбрасывайте прибор вместе с бытовыми отходами. Передайте его в специализированный пункт для дальнейшей утилизации. Проявите заботу об окружающей среде. Отходы, образующиеся при утилизации изделий, подлежат обязательному сбору с последующей утилизацией в установленном порядке и в соответствии с действующими требованиями и нормами отраслевой нормативной документации, в том числе в соответствии с СанПиН 2.1.7.1322-03 «Гигиенические требования к размещению и обезвреживанию отходов производства и потребления».

 Осы бұйымды пайдаланудың алдында оны пайдалану бойынша нұсқаулықты мұқият оқыңыз және анықтамалық ретінде сақтап қойыңыз. Аспапты дұрыс пайдалансаңыз, оның қызмет ету мерзімі көпке ұзарады.


Бұл нұсқаулықтағы қауіпсіздік шаралары мен нұсқаулар құралды қолдану кезінде туындауы мүмкін барлық жағдайларды қамтымайды. Бұл құрылғымен жұмыс кезінде қолданушы ақылға сүйеніп, абай әрі мұқият болуы тиіс.


ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

- Өндіруші қауіпсіздік техникасы талаптарын және бұйымды пайдалану ережелерін ұстанбаудан туындаған зақымдар үшін жауап бермейді.
- Бұл электр аспап тұрмыстық жағдайларда әзірлеуге арналған көпфункционалды құрылғы болып табылады және пәтерлерде, қала сыртындағы үйлерде немесе өнеркәсіптік емес пайдаланудың басқа жағдайларында қолданыла алады. Құрылғыны өнеркәсіптік немесе кез келген басқа мақсатсыз пайдалану бұйымды дұрыс пайдалану шарттарын бұзу болып табылады. Бұл жағдайда өндіруші ықтимал салдарлар үшін жауап бермейді.
- Құрылғыны электр желіге қосудың алдында оның кернеуі аспап қоректенуінің номиналды кернеуіне сәйкес келетінін тексеріңіз (бұйымның техникалық сипаттамасын немесе зауыттық кестешесін қараңыз).
- Аспаптың тұтынылатын қуатына арналған ұзартқышты пайдаланыңыз. Бұл талапты ұстанбау қысқа тұйықталуға немесе кабельдің тұтануына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Аспапты тек жерлендірілген розеткаға қосыңыз – бұл ток соғуға қарсы қорғаныстың міндетті талабы. Ұзартқышты пайдаланылғанда ол да жерлендірілгеніне көз жеткізіңіз.

 **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Аспап жұмыс істеп тұрғанда оның корпусы, табағы мен металдық бөлшектері қызады! Абай болыңыз! Асханалық қолғапты пайдаланыңыз. Ыстық буға күйіп қалмау үшін қақпақты ашқанда құрылғының үстінде еңкеймеңіз.

- Аспапты пайдаланған соң, сонымен қатар оны тазалау немесе жылжыту кезінде розеткадан ажыратыңыз. Электр бауды сымынан ұстамай, ашасынан құрғақ қолмен ұстап шығарыңыз.
- Электр қоректену бауын есіктен немесе жылу көздерінің қасында жүргізбеңіз. Электр бауы бұралмауын және бүгілмеуін, өткір заттарға, жиһаздың бұрыштары мен шеттеріне тимеуін байқаңыз.

 **ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ:** электр қоректену кабелін кездейсоқ зақымдасаңыз, кепілдік шарттарына сәйкес келмейтін ақауларға, сонымен қатар электр тоғының соғуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Зақымданған электр бауы сервис-орталықта жылдам ауыстыруды талап етеді.

- Аспапты жұмсақ бетке орнатпаңыз, оны жұмыс кезінде жаппаңыз – бұл құрылғының қызуына және бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Аспапты ашық ауада пайдалануға тыйым салынады – құрылғы корпусының ішіне ылғал немесе бөтен заттар тисе, қатты зақымдар болуы мүмкін.
- Аспапты тазалаудың алдында ол электр желіден ажыратылғанына және толық суығанына көз жеткізіңіз. Аспапты тазалау бойынша нұсқаулықтарды қатаң ұстаныңыз.
-  **Аспап корпусын суға батыруға немесе су ағынына түсіруге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!**

- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар немесе тәжірибесі мен білімі жетіспейтін адамдардың (оның ішінде балалардың) қолдануына арналмаған, мұндай тұлғалар қадағаланып, олардың қауіпсіздігі үшін жауап беретін тұлға осы аспапты қолдануға қатысты нұсқау жасалған жағдайлардан басқа. Балалардың аспаппен, оның жинақтаушыларымен, сонымен қатар зауыттық орамымен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалап отыру қажет. Құрылғыны тазалау және қызмет көрсетуді балалар ересектердің қарауынсыз жасамауы тиіс.

- Аспапты өздігіңізбен жөндеуге немесе құрылымына өзгеріс енгізуге тыйым салынады. Қызмет көрсету және жөндеу бойынша барлық жұмыстарды авторландырылған сервис-орталық жасауы керек. Біліксіз жасалған жұмыс аспаптың бұзылуына, жарақат пен мүлік зақымдануына әкеліп соқтыруы мүмкін.

STOP

HAZAR AУDAPЫҢЫЗ! Аспапты кез келген ақау болғанда пайдалануға тыйым салынады.

Техникалық сипаттамалары

Үлгі	RBM-M1907
Қуаты.....	500 Вт
Кернеуі	220–240 В, 50 Гц
Электр тоғымен зақымданудан қорғау	I дәреже
Пісірменің салмағы.....	500/750/1000 г
Пісіретін қалып	күюге қарсы Whitford «Хулан Plus»
Энергияға тәуелді жады	25 минутқа дейін
Дисплей.....	сұйықкристалды
Автоматты бағдарламалар	17
Қабық түсін таңдау.....	бар
Дайын тағам температурасын автоматты түрде ұстау	1 сағатқа дейін
Шегерілген старт функциясы.....	15 сағатқа дейін
Қосымша құрамдастар қосу.....	дыбыстық сигнал бойынша
Габаритті көлемі (ені × биіктігі × ұзындығы)	285 × 355 × 300 мм
Нетто салмағы	5,8 кг

Бағдарламалар

- | | |
|--|--------------------------------------|
| 1. ОСНОВНАЯ (НЕПІЗГІ) | 8. КЕКС (КЕКС) |
| 2. ФРАНЦУЗСКИЙ ХЛЕБ (ФРАНЦУЗ НАНЫ) | 9. ПРЕСНОЕ ТЕСТО (ТҰШЫ ҚАМЫР) |
| 3. ЦЕЛЬНОЗЕРНОВОЙ ХЛЕБ (ТҰТАС ДЭНДИ НАН) | 10. ДРОЖЖЕВОЕ ТЕСТО (АШЫТҚЫЛЫ ҚАМЫР) |
| 4. СДОБА (МАЙҒА ИЛЕНГЕН ҚАМЫР) | 11. МОЛОЧНАЯ КАША (СҮТ БОТҚАСЫ) |
| 5. БЕЗГЛЮТЕНОВЫЙ ХЛЕБ (ГЛЮТЕНСІЗ НАН) | 12. ЙОГУРТ (ЙОГУРТ) |
| 6. ЭКСПРЕСС (ЭКСПРЕСС) | 13. ДЖЕМ/ВАРЕНЬЕ (ДЖЕМ/ТОСАП) |
| 7. ЕВРОПЕЙСКИЙ ХЛЕБ (ЕУРОПАЛЫҚ НАН) | 14. ВЫПЕЧКА (ПІСІРМЕ) |
| | 15. РИС/КРУПЫ (КҮРІШ/ДАҚЫЛДАР) |

16. ПЛОВ (ПАЛАУ)

Жинақ

Пісірмеге арналған қалптың ішінде орнатылған нан пеш.....	1 дана
Өлшеу стақаны.....	1 дана
Өлшеу қасығы.....	1 дана
Қамыр илеуге арналған қалақша	2 дана
Қалақшаны алуға арналған ілгек.....	1 дана
Рецептілер кітабы.....	1 дана
Пайдаланушы нұсқаулығы	1 дана
Сервистік кітапша.....	1 дана

17. ДЕСЕРТЫ (ДЕСЕРТТЕР)

Өндіруші өз өнімін жақсарту барысында бұл өзгерістер туралы қосымша хабарламай, бұйымның дизайны, жинағы, сонымен қатар техникалық сипаттамаларына өзгерістерді енгізу құқығына ие. Техникалық сипаттамаларда ±10% қателікке жол беріледі.

Аспаптың құрылымы (A1 сурет, 4 бет)

- | | |
|---------------------------------------|---|
| 1. Аспаптың корпусы | 8. Қыздыру камерасы |
| 2. Басқару панелі | 9. Пісіретін қалып |
| 3. Қарау терезесі бар алынбалы қақпақ | 10. Қамыр илеуге арналған қалақша |
| 4. Бу шығаратын саңылаулар | 11. Өлшеу стақаны |
| 5. Тасымалдауға арналған тұтқа | 12. Араластыратын қалақшаны шығаратын ілгек |
| 6. Қосу/өшіру түймешігі («I/O») | 13. Өлшеу қасығы |
| 7. Электр қоректендіру бауы | |

Басқару панелі (A2 сурет, 5 бет)

- «Вес» («Салмақ») – өнімнің шыққан салмағын таңдау (500/750/1000 г). Әдепкі бойынша салмағы – 1000 г
- △ – шегерілген старт уақытын/әзірлеу уақытын ұлғайту түймешігі
- «Меню» («Мәзір») – әзірлеу бағдарламасын таңдау түймешігі. Таңдау бағдарламасының нөмірі дисплейден көрінеді
- «Старт/Стоп» («Старт/Стоп») – бағдарламаны іске қосу немесе пісіру барысын тоқтату және бағдарламаның бастапқы орнатылымдарына қайту түймешігі
- «Корочка» («Қабық») – өнімнің қабық түсін таңдау түймешігі (ашық, орташа, күңгірт). Әдепкі бойынша «орташа» параметрі таңдалған
- ▽ – шегерілген старт уақытын/әзірлеу уақытын азайту түймешігі
- Дисплей – әзірлеу соңына дейін қалған уақыт пен таңдалған теңшелімдерді көрсетеді

Дисплей (A2 сурет, 5 бет)

- Орындалатын амалдар индикаторлары:
 - «Отсрочка» («Шегеру») – шегерілген старт функциясы жұмыс істейді, әзірлеу үдерісі әлі басталмаған

- «Разогрев» («Қыздыру») – илеу алдында құрамдастарды алдын ала қыздыру жүруде
 - «Замес» («Илеу») – қамыр иленеді
 - «Пауза» («Үзіліс») – бағдарламалар жұмысындағы үзіліс (мысалы, бірінші және екінші илеу арасында)
 - «Подъем» («Көтерілу») – қамырдың көтерілу үдерісі жүруде (тыну)
 - «Выпекание» («Пісіру») – өнім пісуде
 - «Подогрев» («Жылыту») – дайын өнімді жылыту жұмыс істейді
 - «Работа завершена» («Жұмыс аяқталды») – бағдарламалар жұмысы аяқталды, автоқыздыру өшірілген
- b. Таңдалған әзірлеу бағдарламасының нөмірі
 - c. Пісірме салмағының индикаторлары (500/750/1000 г)
 - d. Бағдарлама жұмысы аяқталғанша уақытты кері есептеу таймері
 - e. Қабықтың таңдалған түсінің индикаторлары



Аспап қақпағын қамыр тынған кезде ашпаңыз, ол жатып қалады!

I. ПАЙДАЛАНА БАСТАУ АЛДЫНДА

Бұйым мен оның жинақтаушыларын қораптан мұқият шығарыңыз. Барлық орам материалдары мен жарнамалық жапсырмаларды жойыңыз.



Корпустағы ескертетін жапсырма, жапсырма-көрсеткіш (бар болса) және бұйымның сериялық нөмірі бар кестешені орнында міндетті түрде сақтаңыз!

Тасымалдаған немесе төмен температураларда сақтаған соң аспапты қосар алдында кем дегенде 2 сағат бөлме температурасында ұстау қажет.

Бұйым корпусын сулы шүберекпен сүртіп, кептіріңіз. Аспапты алғаш пайдаланған кезде бөгде иістің пайда болуының алдын алу үшін оны тазалаңыз.



Қыздырып пісіруге арналған қалыпты ішіне орнатпастан немесе бос қалыппен аспапты қоспаңыз – әзірлеу бағдарламасы кездейсоқ іске қосылған жағдайда бұл аспаптың қамты қызып кетуіне немесе күюге қарсы жабынының зақымдануына әкеледі.

МАҢЫЗДЫ! Аспапты тұтқадан ұстап көтермеңіз кезде пісіретін қалып толық аспапты, корпусың төменгі бөлігіндегі қуыстардан ұстап тасымалдаңыз.

Энергияға тәуелді жады

РЕДМОНД RBM-M1907 нан пешінің энергияға тәуелді жадысы бар. Электр қоректенуді уақытша өшіргенде (25 минутқа дейін) барлық енгізілген теңшелімдер сақталып, кернеу берілгенде бағдарламаны орындау автоматты түрде жалғасатын болады. Қоректену 25 минуттан артық уақыт болмаса, теңшелімдерді алынып тасталып, әзірлеу үдерісі жаңартыла алмайды.

Егер рецептіде сүтті, етті және басқа да тез бұзылатын өнімдер қолданылса, аспапты электр желісінен ажыратып, суытыңыз. Содан кейін пісіретін қалыпты шығарып, тазартып, жаңа құрамдастарды қолдана отырып, рецептіге сәйкес қайтадан әзірлеуді бастаңыз. Тазалау

барысында «АСПАП КҮТІМІ» тарауының нұсқауларын қатаң ұстаныңыз.

Егер қолданылатын құрамдастар тез бұзылатын болмаса, әзірлеу бағдарламасын басынан бастап қайта іске қосуға (егер пісіру үдерісі басталмаса) немесе өнімдерді ауыстырусыз «ВЫПЕЧКА» бағдарламасының көмегімен өнімді дайын күйге жеткізуге болады (өнімнің дайындығын қарау терезесі арқылы бақылаңыз, қажет болса бағдарламаны қолмен өшіріңіз). Бағдарламаны қайта іске қосқан жағдайда әзірленген нанның сапасы қалаған сапаға сәйкес келмеуі мүмкін екендігін ескерген жөн.

II. НАН ПЕШТІ ПАЙДАЛАУ

Автоматты бағдарламалардың тағайындалуы мен ерекшеліктері

РЕДМОНД RBM-M1907 нан пешінде 17 автоматты әзірлеу бағдарламасы бар. Олардың көмегімен тек нан пісіріп қоймай, ботқа, палау, йогурт, тосап және т. б. әзірлеуге болады.



Нан пешпен жұмыс істегенде рецептілер кітабының нұсқауларын ұстаныңыз (жинақтағы).

1. «ОСНОВНАЯ» бағдарламасы

Классикалық ақ нан үшін қолданылады.

Бағдарламаға илеу (2 саты), қамырды тындыру мен нан пісіру қамтылады. Өнімнің салмағы мен қабық түсін таңдауға болады, шегерілген старт функциясы қол жетімді. Уақытты қолмен реттеу қарастырылмаған.

2. «ФРАНЦУЗСКИЙ ХЛЕБ» бағдарламасы

Өте жеңіл, қабығы қытырлаған – француздық нан пісіруге арналған. Ұзақ илеу мен қамырдың көтерілуіне көп уақытты қарастырады. Сары май (маргарин) немесе сүті жоқ қамырдан тағам пісіруге кеңес беріледі.



Француз наны дұрыс сақталмайды және тез кеуіп қалады, сондықтан оны 1 күннен артық сақтамаған жөн.

Бағдарламаға илеу (2 саты), қамырды тындыру мен нан пісіру қамтылады. Өнімнің салмағы мен қабық түсін таңдауға болады, шегерілген старт функциясы қол жетімді. Уақытты қолмен реттеу қарастырылмаған.

3. «ЦЕЛЬНОЗЕРНОВОЙ ХЛЕБ» бағдарламасы

Бұл нан үшін қолданылатын ұн анағұрлым ауыр болатындықтан, бағдарлама араластыру алдында жарты сағат бойы құрамдастарды алдын ала жылытып, қамырды ұзақ уақыт бойы «көтерілуге» қалдырады. Дәнді ұннан пісірілген нандар әдетте аз өлшемді және анағұрлым тығыз. Бағдарламаға илеу (2 саты), қамырды тындыру мен нан пісіру қамтылады. Өнімнің салмағы мен қабық түсін таңдауға болады, шегерілген старт функциясы қол жетімді. Уақытты қолмен реттеу қарастырылмаған.

4. «СДОБА» бағдарламасы

Қосымша құрамдастармен тәтті пісірме жасауға арналған бағдарлама (жемістер, жаңғақтар,

шоколадты ұнтақ, цукаттар, мейіз және т. б.), қосу уақыты туралы дыбыстық сигнал хабарлайды.

Бағдарламаға илеу (2 саты), қамырды тындыру мен нан пісіру қамтылады. Өнімнің салмағын таңдауға болады, шегерілген старт функциясы қол жетімді. Қабық түсін таңдау жоқ, уақытты қолмен реттеу қарастырылмаған.

5. «БЕЗГЛЮТЕНОВЫЙ ХЛЕБ» бағдарламасы

Глютенсіз үнмен нан пісіруге арналған.

i Глютен (улла) – дақылды өсімдіктерде болатын және ұнға наубайханалық қасиеттер беретін ақуыз. Дәл соның арқасында қамыр серпімділік пен созылғыштыққа ие болады. Бірақ бірқатар адамдарға глютенді тұтынуға болмайды.

Бағдарламаға құрамдастарды жылыту, илеу (2 саты), қамырды тындыру мен нан пісіру қамтылады. Өнімнің салмағын таңдауға болады, шегерілген старт функциясы қол жетімді. Қабық түсін таңдау жоқ, уақытты қолмен реттеу қарастырылмаған.

6. «ЭКСПРЕСС» бағдарламасы

Ақ нанды жылдам пісіруге қолданылады. Ақ нан қамырына қосымша 1000 г пісірме салмағына сүйене отырып, ½ шай қасық ашытқы қосыңыз. Бағдарламаға илеу, қамырдың қысқа уақытта көтерілуі мен пісіру қамтылады.

Шегерілген старт функциясы қол жетімді. Өнім салмағын және қабық түсін таңдау жоқ, уақытты қолмен реттеу қарастырылмаған.

7. «ЕВРОПЕЙСКИЙ ХЛЕБ» бағдарламасы

Ақ нанның түрлі сұрыптары мен қара бидай және бидай ұн қоспасынан жасалған нан пісіруге кеңес беріледі. Бағдарламаға құрамдастарды жылыту, илеу (2 саты), қамырды тындыру мен нан пісіру қамтылады. Шегерілген старт функциясы қол жетімді. Өнім салмағын және қабық түсін таңдау жоқ, уақытты қолмен реттеу қарастырылмаған.

8. «КЕКС» бағдарламасы

Түрлі толтырыштары бар кекстер пісіруге кеңес беріледі. Бағдарламаға тез илеу (2 саты) мен пісіру қамтылады. Өнім салмағын және қабық түсін таңдау жоқ, уақытты қолмен реттеу қарастырылмаған, шегерілген старт функциясы қол жетімсіз.

9. «ПРЕСНОЕ ТЕСТО» бағдарламасы

Бағдарлама кеспе, тұшпара және т. б. ары қарай пісірусіз қолданылатын тұщы қамыр илеуге арналған. 2 илеу сатысынан тұрады. Уақытты қолмен реттеу қарастырылмаған, шегерілген старт және автоқыздыру функциялары қол жетімсіз.

10. «ДРОЖЖЕВОЕ ТЕСТО» бағдарламасы

Бағдарлама ары қарай пісірусіз ашытқылы қамыр әзірлеуге арналған. Оған илеу (2 саты) мен қамырды тындыру қамтылады. Уақытты қолмен реттеу қарастырылмаған, шегерілген старт және автоқыздыру функциялары қол жетімсіз.

11. «МОЛОЧНАЯ КАША» бағдарламасы

Сүт пен суда ботқа әзірлеуге кеңес беріледі. Уақытты қолмен реттеу қарастырылмаған, шегерілген старт және автоқыздыру функциялары қол жетімсіз.

12. «ЙОГУРТ» бағдарламасы

Йогурттың түрлерін әзірлеуге арналған бағдарлама. 10 минуттық орнату қадамы бар 5 сағаттан 12 сағатқа дейінгі аралықта әзірлеу уақытын реттеу мүмкін (әдепкі бойынша әзірлеу уақыты 8 сағатта белгіленген). Шегерілген старт және автоқыздыру функциялары қол жетімсіз.

13. «ДЖЕМ/ВАРЕНЬЕ» бағдарламасы

Джемдер, пісірмеге арналған топингтер, вафли мен балмұздақ, кетчуптар, түрлі дәмдеуіштер әзірлеуге, сонымен қатар бірқатар азық-түлікті үйде консервілеуге дайындауға кеңес беріледі. Уақытты қолмен реттеу қарастырылмаған, шегерілген старт және автоқыздыру функциялары қол жетімсіз.

14. «ВЫПЕЧКА» бағдарламасы

Бағдарламаға тек қыздыру үдерісі қамтылады (илеусіз және көтерусіз). Бисквиттер пісіруге және екінші тағамдар пісіруге кеңес беріледі. Уақытты қолмен реттеу қарастырылмаған, шегерілген старт және автоқыздыру функциялары қол жетімсіз.

15. «РИС/КРУПЫ» бағдарламасы

Күріш пен үгілмелі ботқалар пісіруге кеңес беріледі. 5 минуттық орнату қадамы бар 20 минуттан 1 сағат 30 минутқа дейінгі аралықта әзірлеу уақытын реттеу мүмкін (әдепкі бойынша әзірлеу уақыты 30 минутта белгіленген). Шегерілген старт және автоқыздыру функциялары қол жетімсіз.

16. «ПЛОВ» бағдарламасы

Палаудың қилы түрлерін әзірлеуге кеңес беріледі. 5 минуттық орнату қадамы бар 30 минуттан 1 сағат 30 минутқа дейінгі аралықта әзірлеу уақытын реттеу мүмкін (әдепкі бойынша әзірлеу уақыты 1 сағатқа белгіленген). Шегерілген старт және автоқыздыру функциялары қол жетімсіз.

17. «ДЕСЕРТЫ» бағдарламасы

Шоколадты және сүтті десерттер әзірлеуге кеңес беріледі. 5 минуттық орнату қадамы бар 30 минуттан 2 сағатқа дейінгі аралықта әзірлеу уақытын реттеу мүмкін (әдепкі бойынша әзірлеу уақыты 1 сағатқа белгіленген). Шегерілген старт және автоқыздыру функциялары қол жетімсіз.

Жұмысқа дайындық

1. Нан пешті тегіс қатты көлденең бетке орнатыңыз. Орнату барысында аспап жұмысында оның желдетуіне кедергі болмағанын, оның қасында қақпақтағы саңылаудан шығатын ыстық бу жоғары температурадан зардап шегуі мүмкін декоративті жабындылар, электрондық аспаптар мен басқа заттардың болмағанын қадағалаңыз.
2. Нан пештің ішкі және сыртқы бөліктерінде зақымдар, жарықтар мен басқа ақаулардың жоқтығына көз жеткізіңіз.

- Қарау терезесі бар қақпақты ашыңыз. Пісіретін қалыпты тұтқасынан ұстап, сағат тіліне қарсы ақырын бұрып, біраз күш сала отырып жоғары тартып шығарыңыз. Білік пен араластыратын қалақшаның айналасындағы кеңістіктің таза екеніне көз жеткізіңіз.

Құрамдастарды салу

- Араластыратын қалақшаны пісіретін қалыптың түбіндегі өзекке кигізіп, қосылыстың мықтылығына көз жеткізіңіз. Әзірлеу ыдысы мен араластыратын қалақшаға май жағыңыз.
- Қажетті құрамдастарды таңдалған рецептіге сәйкес өлшеңіз, оларды табаққа салыңыз. Нан пісіргенде және қамыр дайындауда: Қосымша құрамдастарды таңдалған рецептіге сәйкес дайындаңыз (ірімшік, ветчина, жемістер, жаңғақтар, мейіз және т.б.). Рецептіде басқа ештеңе көрсетілмесе, барлық өнімдер бөлме температурасында болуы тиіс (25–35 °C). Негізгі құрамдастарды нан пісіретін қалыпқа рецептіде көрсетілгендей етіп салыңыз.
 - Алдымен сұйық (су, сүт) құрамдастарды және/немесе жұмыртқаны қалыпқа салыңыз. Судың температурасы бөлмедегідей (25–35 °C-ге жуық) болуы тиіс, өйткені судың тым жоғары температурасы қамырдың көтерілуіне теріс әсер етуі мүмкін. Шегерілген старт режимін қолдануда тек құрғақ сүт қолданыңыз, әйтпесе сүт әзірлеу басталғанша ұйып қалуы мүмкін. Қант пен тұзды сұйық құрамдастарға рецептіге сәйкес қосыңыз.
 - Қалаң сұйық құрамдастарды қосыңыз (бал, тосап, сірне және т.б.).
 - Құрғақ құрамдастарды қосыңыз (алдымен ұн, содан кейін құрғақ сүт, шөптер мен дәмдеуіштер және т.б.).
 - Соңынан ашытқы немесе қопсытқышты қосыңыз. Бұл құрамдастар сұйықтыққа тимеуі тиіс, әйтпесе ашу тым ерте басталып, оның салдарынан нан қатты болып піседі. Ашытқыны тұзға тигізуге болмайды. Үйілген ұннан шұңқыр жасап, арасына ашытқы немесе қопсытқышты салыңыз.
- Пісіретін қалыпты сағат тіліне қарсы ақырын бұрып, нан пештің қыздыру камерасына абайлап қойыңыз. Қалып жетекті білікке қосылып, тегіс, қисаюсыз камераның түбіне түсуі тиіс. Содан кейін қалыпты тірелгенше сағат тілімен бұрыңыз. Қалыпты сағат тілімен тірелгенше бұрып, бекітіңіз (А3 сурет, 6 бет). Қарау терезесі бар қақпақты жабыңыз.

Аспап пен жұмыстағы жалпы әрекеттер

- Нан пешті электр желісіне қосыңыз. Бүйірлік панельдегі «I/O» түймешігін басып, аспапты қосыңыз. Аспап дыбыстық сигнал шығарып, дисплейде бағдарлама нөмірі пайда болады (әдепкі бойынша – 1) және оның жұмыс уақыты (3:00).
- «Меню» түймешігінің көмегімен әзірлеу бағдарламасының нөмірін таңдаңыз (1-ден 17-ке дейін) – ол дисплейден көрінеді.
- Табақтағы құрамдастардың мөлшеріне байланысты «Вес» түймешігінің көмегімен дайын пісірменің салмағының мәнін таңдаңыз. Пісірме салмағының индикаторы дисплейдің жоғарғы жағына ауысатын болады. Өнім салмағын таңдау барлық бағдарламада болмайды.
- «Корочка» түймешігін басып отырып, өнім қабығының қалаған түрін таңдаңыз (ашық, орташа, күңгірт). Қабық түсінің индикаторы дисплейдің төменгі жағына ауысатын

болады. Әдепкі бойынша «орташа» мәні орнатылған. Қабық түсін таңдау барлық бағдарламаларда қол жетімді емес.

- Дисплейде, бағдарлама нөмірімен қатар әдепкі бойынша орнатылған әзірлеу уақыты пайда болады. Оны \triangle (ұлғайту) және ∇ (азайту) түймешіктерінің көмегімен қолмен өзгертуге болады (тек 12, 15–17 бағдарламаларында). Уақытты өзгерту диапазоны мен қадамы таңдалған бағдарламаға байланысты.
 - Қажет болса түймешіктер \triangle мен ∇ арқылы шегерілген старт уақытын орнатыңыз (тек 1–7 бағдарламалары үшін).
- i** Назар аударыңыз! 1–7 бағдарламаларында \triangle және ∇ түймешіктерімен тағам әзірленетін уақыт орнатылады (бұл ретте әзірлеу уақыты ауыспайды). 12, 15–17 бағдарламаларында осы түймешіктердің көмегімен әзірлеу уақыты өзгертіледі.
- «Старт/Стоп» түймешігін басыңыз. Таймер әзірлеу аяқталғанша қалған уақытты кері есептеуді бастайды.
 - Аспап жұмыс кезінде атаулары дисплейден оң және сол жақта орналасқан бірқатар амалды орындайды. Дисплейдегі индикатор амалдардың қайсысы осы сәтте орындалып жатқанын көрсетеді.
 - Жұмыс басталған соң 15–20 минуттан кейін (бағдарламаға байланысты) қосымша құрамдастарды қосу уақыты туралы хабарлайтын дыбыстық сигнал естіледі. Аспап қақпағын ашыңыз да, дайын құрамдастарды пісіретін қалыпқа себіңіз. Функция тек 1, 3–5, 7 бағдарламаларында қол жетімді.
 - 1–8 бағдарламаларының жұмысы аяқталғанда автоматты түрде қыздыру режимі қосылады. Амалдар индикаторы Подогрев жазуына ауысады.
 - 9–17 бағдарламалары аяқталған соң, сонымен қатар автоқыздыру функциясының жұмысы аяқталған соң 5 қысқа сигнал естіліп, аспап күту режиміне өтеді. Амалдар индикаторы Работа завершена жазуына ауысады.

i Әзірлеу аяқталғаннан кейін нанды шығарып алмаңыз және кеспеніз. Оны нан пісіретін пештің автожылытуы қосылу күйінде 1 сағатқа қалдыруға кеңес беріледі. Одан кейін дайын өнімді аспаптан шығарып алып, толығымен суығанша бетін сүлгімен жауып қою керек.

- Теңшелімдерді алып тастау және мәзірге оралу немесе қыздыру режимін өшіру арқылы бағдарлама жұмысын тоқтату үшін «Старт/Стоп» түймешігін басып ұстап тұрыңыз. Әзірлеу аяқталғанда пешті «I/O» түймешігінің көмегімен өшіріп, электр желісінен ажыратыңыз.

Дайын нанды шығару

- Қақпақты ашыңыз. Ас үй қолғаптарын қолдана отырып, нан салынған қалыпты тұтқасынан ұстап шығарыңыз.

STOP НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Нан әзірлеу барысы аяқталғанда нан, қалып пен қыздыру камерасының өте ыстық болатынын ұмытпаңыз! Күйіктің алдын алу үшін ас үй қолғаптарын қолданыңыз, абай болыңыз! Ыстық қалыпты дастархан, пластик немесе жануы немесе балқуы мүмкін басқа да ыстыққа сезімтал беттерге қоймаңыз!

2. Пісіретін қалыпты түбін жоғары қаратып, ондағы дайын нанды тор немесе табаққа шығарып алыңыз. Нанды суыту үшін 20 минутқа қалдырыңыз. Нан пештің құрылымы пісірмені табақтан шығарған соң араластыратын қалақша қалыптың ішіндегі білікте қалуы тиіс. Егер ол осылай болмай, нанда қалса, оны жинаққа кіретін арнайы ілгектің көмегімен алып тастаңыз. Бұл ақау болып табылмайды. Қалақшаны жинаққа кіретін арнайы ілгектің көмегімен шығарыңыз.
3. Нан пісіретін қалып пен аспап суыған соң, оларды «АСПАП КҮТІМІ» тарауына сәйкес тазалаңыз.

i **МАҢЫЗДЫ:** қалыптың ішкі беті мен аспапты әр пайдаланған сайын мұқият тазалаңыз.

Пісіруге арналған қалыпты пайдалану

Пісіретін қалып пен араластыратын қалақшаға дақтардың пайда болуының алдын алуға мүмкіндік беретін және нанды шығаруды оңайлататын күйікке қарсы жабындысы жасалған. Беттің зақымдалуының алдын алу үшін төменде келтірілген нұсқауларды ұстаныңыз.

- Нанды ыдыстан шығару үшін металл немесе үшкір заттарды қолданбаңыз (мысалы, пышақ немесе шанышқы).
- Қалыптан шыққан нанды кесер алдында оның ішінде араластыратын қалақшаның жоқтығына көз жеткізіңіз. Егер қалақша іште болса, нанның суығанын күтіңіз, содан кейін ғана қалақшаны арнайы ілгекпен алып шығарыңыз. Араластыратын қалақшамен жұмыс істегенде абай болыңыз, өйткені ол ыстық болуы мүмкін.
- Қатты, ірі дәнді немесе ірі құрамдастарды (мысалы, еленбеген ұн, қант, жаңғақтар немесе дәндер) әзірлеуге арналған сыйымдылықтың күүге қарсы жабындысын бүлдіруі мүмкін. Құрамдастардың көп мөлшерін пайдалану барысында оларды кішігірім бөліктерге бөліңіз. Рецептте көрсетілген әрекеттер тәртібі мен кеңес берілген көлемдерді ұстаныңыз.

Нанды турау және сақтау

Нанды турау үшін электр немесе арнайы тісті пышақ қолданыңыз. Пайдаланылмаған нанды жабық орамда (саңылаусыз пластик қаптарда немесе пластик контейнерлерде) бөлме температурасында 3 күннен асырмай. Ұзақ сақтау үшін (1 айға дейін) нанды жабық ыдысқа салып, мұздату камерасына қойыңыз. Үйдің нанында консерванттар болмағандықтан, ол өнеркәсіптік тәсілмен жасалған нанға қарағанда тезірек кеуіп, бұзылуы мүмкін.

Дайын тағам температурасын автоматты түрде ұстау функциясы (автоқыздыру)

Нан пеште бағдарлама аяқталған соң автоматты түрде қосылатын дайын тағамдар температурасын ұстау режимі қарастырылған (функция тек 1–8 бағдарламаларында қол жетімді). Сондықтан дайын өнімді нан пештен шығарар алдында автоқыздыру режимін шығару үшін «Старт/Стоп» түймешігін бірнеше секунд басып ұстап тұрыңыз.

Егер нан пештің ішінде қыздырусыз пештің ішінде қалдыратын болса, шыққан ылғал қайта жұтылатын болады: өнім шикі болып шығады. Автоқыздыру ылғалдың сіңірілуінің алдын алады және өнімді бірнеше уақыт бойы жұмсақ күйінде сақтауға көмектеседі.

Шегерілген старт уақытын орнату

Шегерілген старт режимі қалаған уақыт аралығын 15 сағатқа дейін (әзірлеу уақытымен қоса) 10 минут орнату қадамымен өнім әзірлеуге мүмкіндік береді. Егер рецепт жылдам бүлінетін өнімдерді пайдалануды қарастырса, осы режимді қолданбаңыз.

Шегерілген старт режимі барлық бағдарламалар үшін қол жетімді.

1. Құрамдастардың салынғанын, бағдарлама нөмірі, нанның салмағы мен қабық түсі таңдалғанына көз жеткізіңіз.
2. Таймер түймешіктерін басып, таңдалған бағдарламаның жұмысы аяқталуы тиіс уақытты орнатыңыз (10 минутта бір қадамдық 15 сағатқа дейінгі аралықта). Уақыт мәнін тез ұлғайту немесе азайту үшін түймешікті басып ұстап тұрыңыз.



Мысалы. Қазір 21:00, ал сіз нанды таңертең 7-де пісіргіңіз келсе, онда 10 сағат бар. Айталық, сіз келесі параметрлерді таңдап алдыңыз: 1 бағдарлама, өнім салмағы 750 г, қабықтың орташа қарылуы. Дисплейде – әзірлеу уақыты 2:55. Дисплейде 10:00 сандары пайда болғанша, \triangle түймешігін басып ұстап тұрыңыз. Егер сіз қажетті уақыт мәнінен «өтіп кетсеңіз», ∇ түймешігін басып, оны азайтыңыз. Сіз шегерілген старт уақытын орнаттыңыз. Енді пісіру барысы 10 сағаттан соң аяқталады, ал сағ. 7:00-де сізді жаңа піскен хош иісті нан күтіп тұрады

III. АСПАП КҮТІМІ

Аспапты тазалау алдында аспаптың электр желісінен өшірілгеніне және толық суығанына көз жеткізіңіз. Ары қарай пайдалану үшін үнемі аспап пен оның бөлшектерін кептіріп сүртіңіз.

1. Қақпақты ашып, пісіретін қалыпты тұтқасынан сағат тіліне қарсы ақырын бұрып, жоғары тартыңыз да, шығарыңыз.
2. Араластыратын қалақшаны алып тастаңыз. Егер қалақша остен алынбаса, пісіретін қалыпты жылы суға толтырып, біраз уақытқа қалдырыңыз. Бұл жабысқан қамырды жұмсартып, қалақша оңай алынады.
3. Өлшеу стақаны, өлшеу қасығын, йогуртқа арналған контейнер, пісіретін қалып пен араластыратын қалақшаны ыстық сабынды суда жуып, кептіріңіз. Егер араластыратын қалақшаның ішкі жағы қатты кірлеген болса, оны біраз уақытқа ыстық суға салып, артынан жақсылап тазартыңыз.
4. Ішкі бет пен аспаптың корпусын сулы шүберекпен сүртіңіз. Қажет болса жуу құралының біраз мөлшерін қолданыңыз. Жуу құралын ылғал сіңіргіш пен мата көмегімен толық жуыңыз, әйтпесе ол пісірменің дәміне әсер етуі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспаптың корпусы мен электр қоректендіру бауын суға немесе сұйықтыққа салмаңыз. Нан пеш мен оның бөлшектері ыдыс жуу машинесінде тазалау және жууға жараммайды.

Нан пеш мен оның бөлшектерін тазалауда абразивті жуу құралдары мен қатты немесе абразивті жабындысы бар сіңіргішті, сонымен қатар химиялық агрессивті заттар пайдалануға тыйым салынады.

Тазалау қолайлы болу үшін аспаптың қақпағы шешіледі.

5. Қақпақты алып тастау үшін оны 80–85° бұрышында ашып, ақырын, күш салмастан, аспап корпусындағы паздардан қақпақтың ілгегін шығара отырып, өзіңізге тартыңыз.
6. Қақпақты тазалап, кептіріңіз.
7. Оны бұрынғы күйіне орнатыңыз: корпустың паздарға тегіс ілгектерді қақпақты 80–85° бұрышында ұстап отырып ақырын орнатыңыз. Қақпақ күш салмастан ашылуы тиіс.

i *Нан пешті қайта қолданар алдында немесе оны сақтауға алып тастаудың алдында барлық бөлшектердің құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.*

Сақтау және тасымалдау

Сақтау және қайта пайдаланудың алдында құралдың барлық бөліктерін тазалап, түгел құрғатыңыз. Құралды құрғақ желденетін жерде жылыту аспаптарынан алыс және тікелей күн сәулелерден алыс сақтаңыз.

Тасымалдау және сақтау кезінде құралдың зақымдануына және/немесе ораманың бүтіндігіне әкелуі мүмкін құралды механикалық әсерлерге ұшыртуға тыйым салынады.

Құралдың орамасын су мен басқа да сұйықтықтардан сақтау қажет.

IV. СЕРВИС-ОРТАЛЫҚҚА ЖОЛЫҒАР АЛДЫНДА

Ықтимал ақау	Себеп	Қажетті әрекеттер
Аспап қосылмайды	Электр қоректендіру жоқ	Аспапты істеп тұрған электр розеткаға қосыңыз. Электр желісіндегі кернеуді тексеріңіз
Аспап қосылды, бірақ қамыр иленбейді	Сіз қамыр илеуге арналған қалақшаны орнатпағаныңыз	Пісіруге арналған қалыпты тазалап, қалақшаны қалыптың түбіне салып, үдерісті қайта бастаңыз
Дисплейде қате туралы хабар пайда болды (әріптік немесе әріптік-цифрлық код)	Нан пеш жұмысының бұзылуы	Аспапты «I/0» түймешігімен өшіріп, ол бөлме температурасына дейін суығанша күте тұрыңыз. Нан пешті қосыңыз. Егер қате туралы хабар қайта пайда болса, авторландырылған сервис-орталыққа жолығыңыз

i *Егер қателікті дұрыстай алмасаңыз, авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.*



Кепілдіктен кейінгі жөндеуге арналған қосалқы бөлшектерді табуға болады сайтта қолжетімді <https://redmondsale.com>

V. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР



* Стандартты кепілдік 1 жыл. Қосымша кепілдік қызмет көрсету жылы сайтта тіркелгеннен кейін ұсынылады <https://warranty.redmond.company/>

Кепілдік кезеңі ішінде дайындаушы жөндеу, бөлшектерді ауыстыру немесе барлық бұйымды ауыстыру жолымен кез келген зауыттық ақауларды жоюға міндеттенеді. Кепілдік тек сатып алу күні түпнұсқалық кепілдік талонында дүкен мөрімен және сатушы қолымен расталған жағдайда ғана күшіне енеді. Осы кепілдік тек бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес қолданылған, жөнделмеген, бұзылмаған және онымен дұрыс жұмыс істемеу нәтижесінде зақымданбаған, сонымен қатар бұйымның толық жинағы сақталған жағдайда танылады. Осы кепілдік бұйымның табиғи тозуына және шығын материалдарына таралмайды (қыш және тефлондық тығыздауыштар және т. б.).

Бұйымның қызмет мерзімі мен кепілдік міндеттемелердің жарамдылық мерзімі өндірілген кезден бастап немесе бұйым жасалған кезден бастап есептеледі (егер сатылған күнін анықтау мүмкін болмаса).

Аспап өндірілген күнді бұйым корпусының сәйкестендіру жапсырмасындағы сериялық нөмірден табуға болады. Сериялық нөмір 13 белгіден тұрады. 4-ші және 5-ші белгілер айды, 6-шы және 7-ші — құрылғының шығарылған жылын білдіреді.

0	0	0	1	1	2	2	3	3	3	3	3
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

1 – өндірілген айы (01 – қаңтар, 02 – ақпан... 12 – желтоқсан)
2 – өндірілген жылы (21 – 2021 ж., 22 – 2022 ж. ... 30 – 2030 ж.)
3 – үлгінің сериялық нөмірі

Өндіруші бекіткен аспаптың қызмет ету мерзімі бұйымның пайдаланылуы осы нұсқаулық пен қолданылатын техникалық стандарттарға сәйкес жүруі жағдайында сатып алынған күнінен 5 жылды құрайды.

Орамды, пайдаланушы нұсқаулығын, сонымен қатар аспаптың өзін қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті бағдарламаға сәйкес пайдаға асыру керек. Мұндай бұйымдарды әдеттегі тұрмыстық қоқыспен тастамаңыз.

www.redmond.company
www.multivarka.pro
Made in China

RBM-M1907-CIS-UM-13